

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Ежелгі ата-бабаларымыз 1 сынып

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.03.2018СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/30783/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## ПӘН: ДҮНИЕТАНУМЕКТЕП: №6ОРТА МЕКТЕП

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 3.1. Мұғалімнің аты-жөні:

Күні: 01.02.2018

Қатысқандар саны:

Сынып: 1 «Г» Қатыспағандар саны:

Сабақтың тақырыбы: Ежелгі ата-бабаларымыз

Осы сабақта қол  
жеткізілетін оқу  
мақсаттары:

1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу

1.3.2.1 Көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау

1.3.3.1 Өртүрлі уақыттағы адамдардың өмірі туралы түсінік болу

Сабақ мақсаттары:

**Кейбір оқушылар:** қазіргі және ежелгі тіршілікті салыстыруды үйрену.**Оқушылардың басым бөлігі:** сақ ханшайымы Томириспен танысу;**Барлық оқушылар:** ежелгі ата-бабаларымыз сақтар, олардың мәдениеті, тұрмысы туралы мағлұмат алу;Ойлау дағдыларының  
деңгейі:

Білу, түсіну, қолдану

Бағалау критерийлері:

- Егер төмендегі жетістік критерийлерін орындалса, оқушы оқу мақсатына жетеді.
- Әр уақыттағы адамдардың өмірі туралы біледі.

**Тілдік мақсаттар:** көшпенді ел - кочевник - nomadic people;  
көлік - транспорт - transport;  
бостандық - свобода - freedom

**Бастапқы білім:** Алғашқы адамдар

### Сабақ барысы:

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Амандасу</p> <p>Сыныпты қалыпқа келтіру, түгендеу</p> <p>Психологиялық дайындық</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Дөңгеленіп тұрайық,</b></li> <li>• <b>Бірге шеңбер жасайық.</b></li> <li>• <b>Ағаш үйді бітік қып,</b></li> <li>• <b>Қолға уық алайық.</b></li> <li>• <b>Керегесін тік ұстап,</b></li> <li>• <b>Қанаттарын жазайық.</b></li> </ul> <p><b>Бір-біріне сәттілік тілеу.</b></p> <p>Міне, сіздермен біз үлкен киіз үйді құрдық. Осы киіз үй сияқты біздің мектебіміздің қабырғалары мықты болып, шаңырағы биік болсын дегім келеді.</p> <p><b>Топтарға бөлу.</b></p> <p>1-топ - ежелгі</p> <p>2-топ - қазіргі</p> <p>3-топ - болашақ</p> <p><b>Топ ережесін қайталау</b></p> <p><b>Ширату жаттығуы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Алғашқы адамдар қайда пайда болды?</li> <li>• Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?</li> <li>• Алғашқы адамдардың қазіргі адамдардан айырмашылығы қандай болды?</li> <li>• Отты қалай алды?</li> <li>• Олар қайда тұрды?</li> <li>• Қандай азықпен тамақтанды?</li> </ul>	Слайд
		Видео

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p><b>Білу.</b>                  Ой қозғау.  <b>«Тапқыр болсаң, тауып көр»</b>                  Бүгінгі сабақта тарихқа саяхатымызды жалғастырып, ежелгі ата-бабаларымыз туралы білетін боларсыңдар. Балалар, ендеше алдарыңызда теген эранға қараңыздаршы.                  [x]                  Ол, не? Балалар, қазақта мынадай мақал бар. «Жеті атасын білмеген ер жетім»                  -Бұл сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?                  -Қане, кім жеті атасын біледі? Айтайықшы...                  -Қане, кім өзінің атасын айтып бере алады?                  -Жарайсыңдар! Жеті атаны білу-біздің парызымыз.</p> <p><b>«Жеті атасын білмеген ер жетім»</b>                  1. Бала                  2. Әке                  3. Ата                  4. Арғы ата                  5. Тек ата                  6. Түп ата                  7. Баба                  -Балалар, бұл біздің ата-бабаларымыз. Ал, осы уақытқа дейін, ертедегі ата-бабаларымыз кімдер?                  Олар кімдер болған екен?</p> <p><b>Түсіну</b>  <b>(Ұ) сөзжұмбақ шешу:</b></p> <p>[x]</p>	<p>Слайд, суреттер</p> <p>Слайд</p> <p>Ребус</p> <p>Видео</p> <p>Видео</p> <p>Слайд, тірек сөздер</p> <p>Мәтін</p> <p>Орындық</p> <p>Суреттер, плакаттар, желім</p>
	<p>Алдыңғы әріптерден шыққан сөз. Сақ.                  Бүгін сабақта сақтар туралы айтатын боламыз.</p>	
	<p><b>Видеокөрсетілім:</b>                  «Сақ тайпасы»</p> <p>-Біздің ежелгі ата-бабаларымыз — сақтар. Олар көшпенді халық болған. Олар өмір үшін қолайлы, әрі мал үшін шөбі шүйгін жерлерге көшіп отырған. Жау келгенде, тіпті, әйелдері де қорған бола білген. Олардың басшысы- Томирис ханшайым. Ол -ержүрек, ер мінезді, ақылдылығымен көзге түскен. Сол заманда Томирис ханшайымы еліне парсы патшасы Кир шапқанда, елін жаудан қорғап, парсы патшасын өлтіреді. Сол кезден бастап сақтар әйел адамға үлкен сыйластықпен қараған. Сақ қоғамы үшке бөлінген. Жауынгерлер, абыздар, малшылар мен егіншілер</p>	
	<p><b>Сергіту сәті «Көш қозғалды»</b></p> <p><b>Қолдану</b>  <b>Сен білесің бе? «Томирис патшайым»</b></p> <p><b>(Ұ; Ө) Таныс емес сөздермен жұмыс</b>                  Көшпенді халық- мал бағу үшін дәстүрлі бағыт бойынша бір жерден екінші жерге тұрақты түрде көшіп отыратын адамдар тобы.                  Бостандық - еркіндік.                  Томирис - сақ тайпасының патшайымы.                  Кир - парсы елінің патшасы.                  Жеті ата-қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегінің таратылуының нақтылы жүйесі.</p>	
	<p><b>Талдау</b>  <b>(Т) Мәтінмен жұмыс</b>                  1-топ: Сақтар-біздің ежелгі ата-бабаларымыз. Олар көшпенді халық болған. Елінің бостандығын қалаған. Жерін жаудан қорғаған.                  2-топ: Олардың басшысы- Томирис ханшайым. Ол -ержүрек, ер мінезді, ақылдылығымен көзге түскен. Сол заманда Томирис ханшайымы еліне парсы патшасы Кир шапқанда, елін жаудан қорғап, парсы патшасын өлтіреді.                  3-топ: Олар өмір үшін қолайлы, әрі мал үшін шөбі шүйгін жерлерге көшіп отырған. Қазақтың көшпелі мал шаруашылығының өріс, қоныстары жылдың төрт маусымына қарай: <b>жайлау—жазда, күздеу—күзде, қыстау— қыста, көктеу—көктемде</b> мал жаятын болған.</p>	
	<p>Мәтінді топта талқылау.  <b>(Ұ, Ө) «Автор орындығы»</b>                  Мәтінді жариялау</p>	
	<p><b>Жинақтау</b>  <b>(Т) Постермен жұмыс</b>                  Ежелгі, қазіргі және болашақтағы көлік түрлерін ажырату.                  1-топ: Ежелгі көліктер;                  2-топ: Қазіргі көліктер;                  3-топ: Болашақтығы.                  [x]                  Қорғау</p>	

Сабақтың соңы	Үйге:51-52 беттегі «Ежелгі ата-бабаларымыз» тақырыбын оқып, мазмұндау.	Оқулық
	<b>Бағалау</b> <i>Кері байланыс:</i> ауызша оқушыларға кері байланыс беру.	
	<i>Рефлексия (ой қорыту):</i> <input type="checkbox"/>	Білім көмесі

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.